



**Қостанай қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 18 қарашадағы  
№ 2007 қаулысы «Мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер  
учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы»**

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 18-бабының 2)-тармақшасына, 81-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, 84-бабы 2-тармағының 5)-тармақшасына, 85, 96-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-тарауына сәйкес, ортақ пайдаланудағы объектілерді салу мақсатында Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 21 маусымдағы № 1303 қаулысына, 2019 жылғы 24 маусымдағы жалдау туралы шартына сәйкес Жумабаева Камал Салимжановнаға уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында тиесілі Қостанай қаласы, Аэропорт шағын ауданы, 4505 учаскесі мекенжайында орналасқан алаңы 0,0675 гектар, кадастрлық нөмірі 12-193-041-4505 жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі уәкілетті органдар болып белгіленсін.

3. «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің және өзге де жылжымайтын мүліктің құнын, сондай-ақ өтелуге жататын шығындардың мөлшерін анықтау үшін қажетті іс-шараларды жүргізісін.

4. «Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыны қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде интернет-ресурстарды қоса алғанда, республикалық немесе жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Уәкілетті органдар:

1) осы қаулы жарияланғаннан кейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей жер учаскесінің меншік иесіне пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламаны міндетті түрде ала отырып, жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы жазбаша хабарламаны пошта арқылы жіберсін;

2) жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарламаны заңды талап ретінде әділет органдарында тіркесін.

3) мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын мүліктің құнын бағалау нәтижелері бойынша он жұмыс күні ішінде жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарттың жобасын дайындасын және пошта жөнелтілімін табыстау туралы міндетті түрде хабарлама ала отырып, меншік иесіне немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыға пошта арқылы жіберсін

4) Қостанай қалалық мәслихатына жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығару туралы шарттың жобасын меншік иесінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыдан шарт жобасымен келісу туралы жазбаша өтінішті алған сәттен бастап бір ай ішінде ұсынсын.

6. «Қостанай қаласы әкімдігінің тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті сатып алу туралы шарт жасассын.

7. Жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару меншік иесі жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап бір жыл ішінде, бірақ осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап үш айдан ерте емес мерзімде жүзеге асырылсын.

8. Жер учаскесін және өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты шығыстарды қаржыландыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізілсін.

9. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру үшін жер учаскесі меншік иесінің өтініш беретін орны - «Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» ММ Қостанай қ., Қайырбеков көшесі, 75 болып белгіленсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

11. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласы  
әкімінің міндетін атқарушы А. Қасымов

**Постановление акимата города Костаная Костанайской области  
№ 2007 от 18 ноября 2020 года «О начале принудительного отчуждения  
земельного участка в связи с изъятием для государственных нужд»**

В соответствии с подпунктом 2) статьи 18, подпунктом 2) пункта 2 статьи 81, подпунктом 5) пункта 2 статьи 84, статьями 85, 96 Земельного кодекса Республики Казахстан от 20 июня 2003 года, статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», главой 6 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», в целях строительства объектов общего пользования, акимат города Костаная **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение для государственных нужд земельного участка и иного недвижимого имущества, принадлежащего на праве временного возмездного долгосрочного землепользования Жумабаевой Камал Салимжановне, согласно постановления акимата города Костаная № 1303 от 21 июня 2019 года, договору об аренде земельного участка от 24 июня 2019 года площадью 0,0675 гектара с кадастровым номером 12-193-041-4505, расположенного по адресу: город Костанай, микрорайон Аэропорт, участок 4505.

2. Определить уполномоченными органами по принудительному отчуждению земельного участка и иного недвижимого имущества государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Костаная» и государственное учреждение «Отдел земельных отношений акимата города Костаная».

3. Государственному учреждению «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Костаная» произвести мероприятия, необходимые для определения стоимости земельного участка и иного недвижимого имущества, а также размер подлежащих возмещению убытков.

4. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений акимата города Костаная» опубликовать настоящее постановление в республиканских или местных средствах массовой информации, включая интернет-ресурсы в течение трех рабочих дней с момента его принятия.

5. Уполномоченным органам:

1) не позднее трех календарных дней после опубликования настоящего постановления направить собственнику земельного участка письменное уведомление о принудительном отчуждении земельного участка и иного недвижимого имущества по почте с обязательным получением уведомления о вручении почтового отправления.

2) зарегистрировать, как юридическое притязание в органах юстиции уведомление о принудительном отчуждении земельного участка и иного недвижимого имущества для государственных нужд.

3) по результатам оценки стоимости отчуждаемого для государственных нужд имущества в течение десяти рабочих дней подготовить и направить проект договора об отчуждении земельного участка для государственных нужд собственнику или негосударственному землепользователю по почте с обязательным получением уведомления о вручении почтового отправления.

4) представить в Костанайский городской маслихат проект договора об отчуждении земельного участка для государственных нужд в течение одного месяца с момента получения письменного заявления о согласии с проектом договора от собственника или негосударственного землепользователя.

6. Государственному учреждению «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата города Костаная» заключить договор о выкупе земельного участка и иного недвижимого имущества для государственных нужд.

7. Принудительное отчуждение земельного участка и иного недвижимого имущества для государственных нужд осуществить в течение одного года с момента получения собственником уведомления о принудительном отчуждении земельного участка и иного недвижимого имущества для государственных нужд, но не ранее трех месяцев с даты официального опубликования настоящего постановления.

8. Финансирование расходов, связанных с изъятием земельного участка и иного недвижимого имущества для государственных нужд, произвести за счет средств местного бюджета.

9. Местом обращения собственника земельного участка для осуществления согласительных процедур определить город Костанай, улица Каирбекова, 75, государственное учреждение «Отдел земельных отношений акимата города Костаная».

10. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Костаная.

11. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Исполняющий обязанности  
акима города Костаная А. Касимов